

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша) «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК  
 Топ: ерте жас тобы  
 Балалардың жасы: 1 жастан  
 Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;</li> <li>- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;</li> <li>- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;</li> <li>- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;</li> <li>- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.</li> </ul> <p>Домалату. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды шынықтыруды ауа, су шараларымен, серуен кезінде ультракүлгін сәулелердің әсерлерімен жүзеге асыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;</li> <li>- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;</li> <li>- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту.</li> </ul> <p>Сөзді түсіну.</p> <p>Заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текізе, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту</p> <p>Күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар) білдіретін сөздермен толықтыру.</p>
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;</li> <li>- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;</li> <li>- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.</li> </ul>
	Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;</li> <li>- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;</li> <li>- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- интеллектуалды сезімді тәрбиелеу (жананы тануда қуанышқа бөлену).</li> </ul> <p>Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасау.</p>

Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;</li> <li>- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;</li> <li>- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;</li> <li>- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;</li> <li>- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-көнедістік орта құру;</li> <li>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;</li> <li>- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;</li> <li>- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.</li> </ul> <p>Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету.</p> <p>Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы - мэээ, бұзау - мөөө, мысық - мияу, ит – аб-аб) келтіру.</p>
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- балалардың байқампаздығын дамыту;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;</li> <li>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.</li> </ul> <p>Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру.</p> <p>Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.</p>
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- балалардың байқампаздығын дамыту;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;</li> <li>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.</li> </ul> <p>Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету.</p>